

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**PROCEEDINGS  
of the XX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**2025  
Астана**

УДК 001(06)  
ББК 72я631  
F96

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың  
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная  
научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE  
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for  
students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:  
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас  
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті  
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young  
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник  
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по  
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)  
ББК 72я431  
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2025

**СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.1 МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ,  
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ**

---

1470.	Асылбекова А.А.	Правовое регулирование искусственного интеллекта: зарубежный опыт и перспективы для Казахстана	6308
1471.	Аширбекова А.Б.	Қазақстан Республикасында Ұлттық алдын алу тетігі жүйесі	6314
1472.	Амирова Б.К.	Қазақстандағы жинақтаушы зейнетақы заңнамасының тарихи эволюциясы	6316
1473.	Бейбітұова І.Б.	Медицина қызметкерлерінің құқықтық жауапкершілігі	6319
1474.	Байтерекова К.Б., Ескендерова Г.Т.	Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қазіргі жағдайы	6323
1475.	Егежанова Д.Р.	О влиянии нормативной практики Верховного суда Республики Казахстан на административное судопроизводство	6326
1476.	Есентемирова А.М.	Некоторые вопросы становления законодательства о высшем и послевузовском образовании в Республике Казахстан	6330
1477.	Еркін Ә.	Коррупция и правовые методы борьбы с ней	6340
1478.	Жармаханбетова Б.А.	Права коренных народов и недропользование: проблемы соблюдения и защиты прав при добыче природных ресурсов на их территориях	6345
1479.	Жолдасбек М.Б.	Қазақстан Республикасындағы Конституциялық реформа: өзгерістерді талдау және олардың құқықтық жүйеге әсері	6348
1480.	Жеңіс Е.Е.	Салық заңнамасын жетілдіру мәселелері	6353
1481.	Жанаев Е.А.	Роль морали в правовых решениях и законодательных актах	6357
1482.	Кажтай А.Н.	Қауіпті құқықбұзушылықтардың қоғамға әсері	6360
1483.	Карсибек С.А.	ҚР Алқабилер сотының құқықтық жағдайы және шетел мемлекеттерімен салыстырмалық ерекшеліктері	6364
1484.	Көбеген А.М.	Әлеуметтік әл-ауқат пен қоғамның өркендеуінің құқықтық аспектілері	6367
1485.	Кошкенбек Б.Б.	Шетелде оқыту бағдарламаларын құқықтық реттелуі	6371
1486.	Қалыбаева А.Ә.	Қазақстандағы жаза қолданудың құқықтық санаға әсері	6377
1487.	Қалқазбек Н.Е.	Қазіргі заманғы құқық саласының өзекті мәселелері мен даму перспективалары	6380
1488.	Маликов Ж.Н.	Қазақстан Республикасының Конституциялық сот институтының қалыптасуы және қызметі	6383

1489.	Маратов А.Б.	Роль юристов защиты прав юридических лиц	6385
1490.	Отыншиева Г.	Құқықтық сана және мәдениеттің арақатынасы	6387
1491.	Роман К.Д.	Законодательные основы обеспечения информационной безопасности детей в Казахстане: вызовы цифровой эпохи	6390
1492.	Сұңғатов С.С.	Цифрландырудың азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын іске асыруға тигізетін ықпалы	6392
1493.	Салиханов А.Б.	Социальные барьеры реинтеграции бывших заключённых в Казахстане: причины стигматизации и пути преодоления	6396
1494.	Турегелдиев Б.У.	Жоғарғы соттың нормативтік қаулыларының құқықтық алаңдағы ықпалы	6402
1495.	Тәуірғалиева А.Б.	Киберқауіпсіздік: қылмыстардың алдын алу және заңнамалық шаралар	6405
1496.	Табанова Ж.А.	Защита прав женщин: международный аспект	6409
1497.	Тәжі Ә.Т.	Цифровизация прав граждан РК	6413
1498.	Тигай Б.А.	Проблемы налогового правоприменения в РК	6415
1499.	Шоманова К., Ясинова Д.	Адам құқықтарының қорғалуы және заңнамалық реттелуі	6423
1500.	Ібіжан Г.Ә.	Проблемы организации правовой помощи детям с ограниченными возможностями здоровья	6427
1501.	Yagmussova A.F.	The concept and types of social guarantees and the grounds for their provision under labor legislation	6431

#### **СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.2 АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ**

1502.	Алмагамбетов М.	Кәсіпкерлердің құқықтары мен оның қорғалуы	6436
1503.	Булатова Л.Б.	Жасанды интеллектпен жасалған туындылардың құқықтық мәртебесі	6440
1504.	Ибрашев А.М.	Искусственный интеллект в трудовом праве: перспективы, риски и возможности	6443
1505.	Искаков Р.А.	Правовая природа договора о государственных закупках товаров в Республике Казахстан	6446
1506.	Көбеген А.М.	Әлеуметтік әл-ауқат пен қоғамның өркендеуінің құқықтық аспектілері	6452
1507.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен	6456

		өзекті мәселелер	
1508.	Нургалиева М.Е.	Трудовые права женщин и равенство на рабочем месте. Дискриминация как барьер для экономического прогресса	6459
1509.	Рустами-Кадырбекова Ж.	Ретроспективный анализ правового регулирования в области социального обеспечения	6464
1510.	Сураганова Д.Д.	Правовое регулирование игорного бизнеса в Республике Казахстан	6468
1511.	Третьяк М.В.	Тенденция к сокращению рабочего времени в развитых странах: баланс между производительностью и качеством жизни	6471
1512.	Третьякова Ж.В.	К вопросу имущественных правоотношений родителей и детей по законодательству Республики Беларусь	6475
1513.	Тыныбек кызы А.	Гибкие формы занятости в Казахстане и Кыргызстане: правовое регулирование дистанционной работы и самозанятости	6478
1514.	Тюлегенова А.А.	Правовые аспекты использования земли	6481

**СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.3 ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ТҮЛҒАНЫҢ, ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУДЫҢ МЕХАНИЗМІ РЕТІНДЕ**

1515.	Азенова С.Р.	Сот сараптамасын тағайындау мен жүргізу: қылмыстық процестегі маңызы және жетілдіру жолдары	6485
1516.	Абдықадыр А.Б.	Қылмыстық әділет жүйесіндегі цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект	6488
1517.	Байносерова А.Г.	Қолжазба сараптамасы дәлелдеу құралы ретінде: жаңа әдістер мен шешілмеген мәселелер	6495
1518.	Бахыт І.Б.	Уголовное судопроизводство как механизм защиты интересов личности, общества и государства	6500
1519.	Жакишева Д.К.	Арнайы білім және оларды қылмыстарды тергеу кезінде қолдану нысандары	6504
1520.	Жұмадулла Қ.Ф.	Жасанды интеллект пен криминалистика: қылмысты ашудағы жаңа дәуір	6508
1521.	Маратова А.М.	Понятие судебно-биологической экспертизы и ее значение для установления обстоятельств уголовного дела	6510
1522.	Шариф М.Қ.	Психологиялық портретті құру: сот сараптамасында қолдану тәжірибесі	6514
1523.	Жунусов Д.С.	Совершенствование качества судебных экспертиз: организационно-правовой подход	6517
1524.	Khamidullina R.	Jury Trials in the Criminal Justice System: A Comparative Analysis of the U.S. And	6520

		Kazakhstan Models	
1525.	Киікбай Б.С.	Онлайн алаяқтық қылмыстық құқық бұзушылықтарын тергеп-тексерудің өзекті мәселелері	6523
1526.	Салимжуаров Г.Ф.	Перспективы использования искусственного интеллекта в производстве судебных экспертиз	6528
1527.	Серіктай Н.Ө.	Тергеушінің жеке басының кәсіби-психологиялық сипаттамасы	6531

**СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.4 ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМА: ЗАМАНАУИ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ**

1528.	Адильхан Х.Б.	Қылмыс пен жазаның психологиялық қырлары: кінә және жауапкершілік сезімі	6536
1529.	Арзанбекова К.Қ.	Геноцид және оның халықаралық құқықтағы орны	6538
1530.	Ахметжанова А.А.	Правовое обеспечение информационной безопасности Республики Казахстан: вызовы и перспективы	6540
1531.	Айзак А.Ж.	Әлеуметтік факторлар мен экономикалық қысымның қылмысқа ықпалы	6544
1532.	Әжібекова А.Е.	ҚР жасөспірімдер арасындағы буллингке қарсы шаралар мен шетелдік тәжірибе	6546
1533.	Болатбекова А.А.	Қылмыс пен жазаның қоғамдағы әлеуметтік-мәдени ықпалы	6552
1534.	Бөлебай А.Б.	Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алу мәселелері	6555
1535.	Дүйсен Қ.А.	Адам саудасының құрбандарын анықтау және қорғау механизмдері	6563
1536.	Карсибек С.А.	Жыныстық қолсұғылмаулыққа қарсы жасалған қылмыстардың латенттілігі: себептері және шешу жолдары	6566
1537.	Кенеспек Д.М.	Қазақстан Республикасындағы қылмыстардың қайталану себептері мен алдын алу жолдары	6569
1538.	Кийкбай Н.К.	Жалған ақпарат тарату және оның қылмыстық-құқықтық салдарлары: ақпараттық кеңістікте қауіпсіздік пен жауапкершілік мәселелері	6572
1539.	Кожанова Д.Р.	Реформа уголовного законодательства Республики Казахстан: анализ реализации положений концепции УК 2014 года через призму десятилетнего опыта	6575
1540.	Көбейсін Ө.Т.	Кінә мен оның қос нысаны: қазіргі қылмыстық құқықтағы ерекшеліктер мен проблемалар	6578
1541.	Койчубекова А.А.	Уголовная ответственность за	6580

		насильственные действия сексуального характера	
1542.	Қабдылова А.Қ.	Кибербуллингтың алдын алудың құқықтық мәселелері	6585
1543.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен өзекті мәселелер	6590
1544.	Орынбай Ш.А.	Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі	6593
1545.	Сайлаубек М.Ж.	Қылмыстық құқықтағы өзін-өзі қорғау шегінің әлеуметтік және құқықтық аспектілері	6597
1546.	Төрехан А.Ә.	Тұрмыстық зорлық-зомбылық; қылмыстық жауаптылық және әділ жаза тағайындау мәселелері	6600
1547.	Тюлегенова А.А., Куатова Р.Е.	Совершествование превентивных мер в рамках реализации антикоррупционной политики в РК	6607

**СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.5 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРИЯ ҚҰҚЫҚ: ЖАҢА ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР ТЕГЕУРІНДЕРІ**

1548.	Алиев Е.	Правовое регулирование международных железнодорожных перевозок в Республике Казахстан	6611
1549.	Аршабаева Р.С.	Заманауи құлдықпен күрестегі халықаралық құқықтың тиімділігі мен мәселелері	6616
1550.	Данияр Ә.А.	Роль международных организаций в урегулировании вооруженных конфликтов	6620
1551.	Кабдрахманов А.Е.	Анализ правового регулирования защиты прав трудовых мигрантов: опыт Казахстана и России в контексте международных стандартов	6626
1552.	Qodirova T.R.	The role of the United Nations High Commissioner for refugees in protecting refugee rights	6631
1553.	Медетова М.Б.	Азаматтық авиациядағы алғашқы халықаралық қауіпсіздік стандарттары: пайда болу және тарихи негіздері	6634
1554.	Мыктыбаева Д.А.	Регулирование вопросов трудовой деятельности трудящихся-мигрантов в международных соглашениях Республики Казахстан	6640
1555.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен өзекті мәселелер	6645
1556.	Рублевский А.А.	Этическая дилемма статуса эмбриона	6648
1557.	Тулеген А.С.	Правовые проблемы назначения и исполнения наказания в деятельности международных уголовных трибуналах ad hoc	6652

**10.6 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОММЕРЦИЯЛЫҚ АРБИТРАЖ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ  
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚ**

1558.	Акынов Д.М.	Правовые механизмы обеспечения исполнения обязательств государствами-членами ЕАЭС	6657
1559.	Ануарбек А.	Применение блокчейн-технологий в международном коммерческом арбитраже: правовые вызовы и перспективы	6661
1560.	Жаксылыков К.К.	Особенности правового регулирования отношений, возникающих из международного договора купли-продажи товаров	6665
1561.	Каримова Ф.Х.	Защита персональных данных в международном частном праве	6669
1562.	Мирзоева М.М.	К вопросу о сущности деловой репутации	6675
1563.	Раджабов М.Д.	Трудовые права иностранных граждан в международном частном праве	6679

**10.7 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ**

1564.	Ануарбек А.	Международное экологическое правосудие: теоретические основы и практические аспекты	6683
1565.	Burieva M.S.	The role of international organizations in regulating the use of water resources of transboundary rivers and lakes	6687
1566.	Nasreddinzoda N.	The role of regional organizations in achieving the SDGs: international legal aspects	6691
1567.	Шалгымбаева А.Н.	Комиссия международного права ООН: регулирование экологических аспектов вооруженных конфликтов	6693

**СЕКЦИЯ 11****АРХИТЕКТУРА И СТРОИТЕЛЬСТВО****ПОДСЕКЦИЯ 11.1 СТРОИТЕЛЬСТВО**

1568.	Аманжолова Ш.Ф.	Қарқынды құрылыс жағдайындағы Астана қаласының жер асты сулары деңгейінің өзгерісін болжау	6698
1569.	Батирбекова А.Т.	Численное моделирование работы стены в грунте с распорной системой в условиях плотной застройки	6702
1570.	Бекетов Д.Н.	Энергоэффективность в строительстве: симуляция влияния ориентации зданий на потреблении энергии в Астане	6707

- Қалалар мен ауылдарды көгалдандыру: Қоғамдық орындарда жасыл желек отырғызу және экологиялық таза аймақтар құру арқылы тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру.

- Ауаның және судың сапасын бақылау: Табиғи ресурстардың сапасын сақтау үшін бақылау шараларын жүзеге асырып, қоршаған ортаны ластанудан қорғауға бағытталған саясат жүргізу.

7. Білім беру және әлеуметтік теңдік:

Білім деңгейі азаматтардың бақытты болуына тікелей әсер етеді. Министрлік білім сапасын арттыру және қоғамдағы тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге ерекше назар аударады:

- Білім беру жүйесін қолдау: Білім беру саласындағы бағдарламаларды жақсарту және сапалы білім алуға қолжетімділікті арттыру.

- Әлеуметтік теңсіздікпен күресу: Тұрғындардың өмір сүру жағдайына қарамастан тең мүмкіндіктер беру арқылы әлеуметтік теңсіздікті азайту.

- Жастарды қолдау: Жастарды жұмыспен қамту, білім алу және өзін-өзі дамытуға арналған бағдарламалар ұйымдастыру.

Қорытындылай келе Бақыт министрлігі – бұл халықтың эмоционалдық, әлеуметтік және психологиялық әл-ауқатын жақсартуға арналған кешенді үкіметтік орган. Ол адамдардың материалдық жағдайынан бастап, рухани дамуы мен психологиялық денсаулығына дейінгі барлық аспектілерді қамтып, қоғамның бақытты әрі тұрақты болуына үлес қоса отырып дамуға негіз болады. Қазақстан үшін өте қажетті және сонымен қатар мемлекеттің әл-ауқатын көтеріп, бәсекелестікке төзімді экспорттық өнімдерді жасап шығаруға бастау болады. Бақыт министрлігі мемлекеттің негізгі артықшылығымен жұмыс істей отырып, қоғамның бақытты өмір сүруіне себеп болады. Бақытты болу өз қолымызда!

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Бақыт министрлігі Фархат Қайратұлының мақаласы
2. Индекс качества жизни по странам в середине 2024 года
3. Рейтинг стран мира по уровню политических и гражданских свобод –

Гуманитарный портал

4. Миссия выполнима: Технология счастливой жизни / Маргулан Сейсембай. – М. : Альпина ПРО, 2023. – 380 с.

5. Халықаралық Бақыт индексі Международный индекс счастья — Википедия

**ӘОК 37.014.1**

### **ШЕТЕЛДЕ ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ**

**Кошкенбек Болат Бағланұлы**

*bkoskenbek@gmail.com*

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, заң факультеті 2 курс,*

*«Құқықтану» мамандығының студенті,*

*Ғылыми жетекші – заң ғылымдарының докторы*

*Ибрагимов Жамаладен Ибрагимович*

Бұл мақала қазіргі студенттердің шетелде білім алуы туралы жазамын. Соңғы онжылдықта шетелде білім алу тез дамып келеді. Мұндай бағдарламалар студенттерге шетелдік мәдениетке бейімделу, жаңа тілдерді үйрену және таңдаған білім саласында әртүрлі

ғаламдық көзқарастарды игеру мүмкіндіктерін ашады. Мақалада шетелде оқыту бағдарламаларының оң жақтары, олардың артықшылықтары мен қиындықтары талданады, сондай-ақ олардың студенттердің ғылыми және жеке дамуына әсері зерттеледі. Шетелде оқыту аспектілерін зерттеуге арналған жоба бұл бағдарламалардың қазіргі жай-күйі туралы құнды ақпарат береді және студенттердің білім сапасын арттыруға ықпал етеді.

Бүгінгі таңда шетелде білім алу әлемнің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Мұндай бағдарламалар студенттер үшін ең қызықты және маңызды мүмкіндіктердің бірі болып саналады. Әлемнің ең үздік білім беру мекемелерінде оқуды жеке және кәсіби көкжиегін кеңейтудің ең жақсы жолдарының бірі деп есептейді. Технологиялық инновациялар мен халықаралық сауданың өсуі бұл үрдісті қолдап, әртүрлі елдердің студенттерін біріктіреді және әлемді байланыстырады. Соның нәтижесінде халықаралық мобильділік пен білім сапасы мәселелері барған сайын өзекті бола түсуде.

Шетелде оқыту бағдарламалары студенттерге тек сапалы білім алып қана қоймай, әртүрлі мәдениеттерді зерттеуге, сол елдердің білікті оқытушыларымен қарым-қатынас жасауға және жаһандық қауымдастықтың бір бөлігі болуға мүмкіндік береді.

Шетелде оқыту бағдарламалары әртүрлі бағыттарды қамтиды: студенттермен қысқа мерзімді алмасу бағдарламаларынан бастап халықаралық магистрлік бағдарламаларға дейін. Бұл әртүрлі іс-шараларды ескере отырып, студенттердің шетелде білім алуға деген қызығушылығы мен қолдауын арттыру, сондай-ақ осы бағдарламалар бойынша білім беру сапасын қамтамасыз ету қажет.

Шетелде білім алудың артықшылықтарын қарыстырып кетейік. Жақсы білім алу әрбір адамға сапалы жұмыс тауып, жоғары жалақы алуға көмектеседі. Сол себепті көптеген студенттер шетелдік жоғары оқу орындарында оқуды өз әлеуетін ашудың жақсы мүмкіндігі деп санайды. Бұл студенттер үшін көптеген артықшылықтар береді. Ең алдымен, бұл – қызықты тәжірибе. Көп жағдайда әртүрлі ұлт өкілдері шетелде оқуды жақсы мүмкіндік ретінде қабылдайды. Осылайша, студенттер барған елдің ғана емес, басқа студенттердің де тілі мен мәдениетін үйреніп, жеке дәстүрлерімен танысады.

Шетелдік университеттер студенттерге мүлде басқа бағытта оқуға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл оқу орындары жаңадан келгендерге өздеріне қолайлы мамандықты таңдауға көмектеседі. Мұндай оқу орындарында өз мамандығы бойынша толық курсты өтуге болады.

Шетелде білім алған көптеген студенттер бүгінде жақсы жалақысы бар қызметте жұмыс істейді. Шетелде оқыту бағдарламалары оқуын аяқтағаннан кейін ең білімді жас мамандарға жұмысқа немесе тағылымдамаға гранттар ұсынады. Мұндай оқу орындары отандық және шетелдік компаниялармен тұрақты негізде ынтымақтастықта болады, онда болашақ қызметкерлерді табады және оларға жоғары жалақысы бар, ең жақсы жобалардағы қызықты жұмыстарды ұсынады [1,23].

Шетелде оқыту бағдарламаларына қатысатын студенттердің қауіпсіздігі мен әлауқатын қамтамасыз ету маңызды, себебі олар беймәлім ортаға тап болып, халықаралық сапарларға байланысты ықтимал қауіптерге ұшырауы мүмкін.

Шетелдік бағдарламаларға қатысқан студенттердің алған кредиттерін өз оқу орнында есептету маңызды. Бірақ кредиттерді аудару процесі күрделі болуы мүмкін, бұл оқу орындары арасындағы үйлестіруді және академиялық стандарттарды сақтауды талап етеді.

Шетелде оқу әртүрлі тілдік дағдыларды қажет етеді. Сабақтар көбінесе шет тілінде өтеді, ал көптеген оқу материалдары да сол тілде жазылған. Сондықтан студенттердің тілдік деңгейі жоғары болуы қажет [2, 22-35].

Шетелде оқыту бағдарламаларының түрлері мен олар туралы ақпарат:

Бірінші қарастыратын Erasmus+ бағдарламасы. Бұл бағдарлама Еуропалық Одақ елдерінің университеттері арасындағы алмасуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ол студенттер мен оқытушыларға шетелде білім алуға және сабақ беруге жағдай жасайды. Бағдарлама кең салаларды қамтиды және студенттерге өмір сүру шығындарын, соның ішінде тұру мен оқу ақысын жабатын стипендия береді, сондай-ақ олардың әлеуметтік мәртебесін ескере отырып шаралар қабылдайды[3,1-21].

Fulbright бағдарламасы АҚШ үкіметі қаржыландыратын ең танымал және беделді бағдарламалардың бірі. Ол бакалавриат студенттеріне ғана емес, сондай-ақ халықаралық магистранттарға, докторанттарға, ғалымдарға және оқытушыларға кәсіби даму, зерттеу жүргізу және АҚШ-та сабақ беру мүмкіндіктерін ұсынады.


International Summer Schools бағдарламасы маусым мен тамыз аралығында ұйымдастырылатын халықаралық жазғы мектептер студенттерге бірнеше аптаның ішінде сапалы оқу бағдарламасын меңгеруге және белсенді оқу жүйесін үйренуге мүмкіндік береді. Бағдарлама мәдени іс-шараларды, экскурсияларды және цифрлық білім беру курстарын қамтиды.

Келесі бір бағдарлама FLEX (Future Leaders Exchange) деп танылған. Бұл бағдарлама Балтық және ТМД елдерінің студенттеріне АҚШ-та бір жыл оқу мүмкіндігін береді. Оның басты мақсаты – қатысушы елдер арасында өзара түсіністік пен мәдени алмасуды дамыту, сондай-ақ жастар арасында көшбасшылық қабілеттерді қалыптастыру. Бағдарлама қатысушыларға толықтай төленетін стипендия ұсынады, оған қабылдаушы отбасындағы тұру шығындары, оқу ақысы және медициналық сақтандыру кіреді. Сонымен қатар, қатысушылар американдық өмір салтын тереңірек түсіну үшін түрлі қоғамдық және мәдени іс-шараларға қатысады.


Осы ретте «Болашақ» бағдарламасы жайлы сөз айтылу керек. Қазақстан үкіметі құрған бұл стипендиялық бағдарлама қазақстандық білім мен ғылымды дамыту және қолдау мақсатында іске қосылды. «Болашақ» бағдарламасы студенттер мен аспиранттарға жетекші халықаралық университеттерде жоғары білім алуға мүмкіндік береді. Бағдарлама Қазақстанның білімді, жоғары білікті мамандары мен ғылыми қызметкерлерін даярлауға ықпал етеді. Шетелде білім алған студенттер елге оралып, шартта көрсетілген мерзімде өз міндеттерін орындауға тиіс. Бұл шарт білім беру саласына салынған инвестицияның елдің дамуына пайда әкелуін қамтамасыз етуге бағытталған[4,5].

Зерттеудің нәтижелері қазіргі жастардың шетелде білім беру бағдарламалары туралы пікірін қысқаша білу үшін жүргізілді.


1. Шетелдік университеттердегі ғылыми зерттеулер мен ғылыми жобаларға қатысу мүмкіндіктері қаншалықты тартымды?




2. Студенттердің шетелде білім алуына қандай факторлар кедергі келтіруі мүмкін?




3. Шетелдік білім беру бағдарламасындағы білім сапасын жергілікті бағдарламаларын салыстырғанда қалай бағалайсыз?




4. Шетелдік білім беру бағдарламасының студенттер үшін ең тартымды аспектілері қандай ?



5. Шетелде оқитын студенттерге қаржылық көмек пен степендиялардың қолжетімділігі қандай деңгейде?



6. Шетелдік білім беру бағдарламалары студенттерге халықаралық тәжірибе немесе алмасу мүмкіндіктерін қаншалықты ұсынады?



Сауалнамаға 48 адам жауап берді. Нәтижесінде шетелде оқыту бағдарламалары біреулер үшін қызықты, ал біреулер үшін онша маңызды емес екені анықталды[5,8].

Қиындықтар мен заңдық аспектілерге қарамастан, шетелде білім беру бағдарламалары студенттердің академиялық және жеке дамуына үлкен әсер етеді. Зерттеулер көрсеткендей, шетелде білім алған студенттер өзіне деген сенімділікті, тілдік дағдыларды және мәселелерді шешу қабілеттерін жетілдіреді. Бұл оларға академиялық байыту және жеке өсу үшін құнды мүмкіндіктер береді. Мұндай бағдарламалардың сапасын жақсарту үшін саясаткерлер қауіпсіздік шараларын күшейтіп, халықаралық сапарларға байланысты тәуекелдерді азайтуға арналған төтенше жағдайлар жоспарларын әзірлеуі қажет. Сонымен қатар, шетелде оқыту бағдарламаларының академиялық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету маңызды. Бағдарламаны үнемі бағалап, сапаны бақылау арқылы студенттерге жоғары сапалы білім беру тәжірибесін ұсынуға болады.

Қазақстанда шетелде білім алу бағдарламалары бірнеше ұлттық және халықаралық заңдар мен құқықтық актілермен реттеледі. Негізгі заңнамалық тіректер мыналар:

Ұлттық деңгейде бірнеше заңнамалар қарастырылған. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (2007 жылғы 27 шілде №319-III): Бұл заң білім беру саласындағы жалпы ережелерді және шетелде білім алу мәселелерін қамтиды. Шетелдік білім беру ұйымдарында алынған дипломдар мен академиялық кредиттерді мойындау тәртібі көрсетілген.

Қазақстандық студенттерге халықаралық білім беру бағдарламаларына қатысуға мүмкіндік беру қағидалары бекітілген[6, 1-8].

"Болашақ" халықаралық стипендиясы туралы нормативтік құжаттар Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы қаулылары мен ережелері. "Болашақ" бағдарламасы шетелде білім алған қазақстандық азаматтардың оқу шарттарын, міндеттерін және елге оралғаннан кейінгі жұмыс істеу талаптарын реттейді.

Қазақстан Республикасының иммиграция және көші-қон туралы заңнамасы шетелге оқуға кететін студенттер визалық және иммиграциялық талаптарды сақтауы керек. Бұл заң көші-қон саясаты мен студенттік визаларды рәсімдеудің құқықтық тәртібін анықтайды.

Қазақстан Республикасының еңбек кодексі (2015 жылғы 23 қараша №414-V) Шетелде білім алып жүрген студенттердің қабылдаушы елде жұмыс істеу тәртібін түсіндіру және оларды еңбек заңнамасының бұзылуынан қорғау механизмдері [7,1-13].

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы Студенттердің денсаулығын және қауіпсіздігін шетелде қамтамасыз ету үшін міндетті медициналық сақтандыру талаптарын қарастырады.

Халықаралық деңгейде ЮНЕСКО-ның "Білім беру саласындағы біліктілікті мойындау туралы конвенциялары". Бұл конвенциялар білім беру нәтижелерін тану мен академиялық дипломдарды растау тәртібін реттейді. Қазақстан 1979 жылғы Лиссабон конвенциясы мен Азия-Тынық мұхиты аймағы елдерінің біліктілікті тану туралы конвенциясына қол қойған.

Болон үдерісі және академиялық ұтқырлық. Қазақстан 2010 жылдан бастап Болон декларациясының қатысушысы болып табылады. Бұл шетелдік дипломдарды тануды жеңілдетеді және Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде оқыту стандарттарын қолдануға мүмкіндік береді.

Халықаралық білім беру бағдарламаларының ережелері (мысалы, Erasmus+, Fulbright) әрбір бағдарлама қатысушы елдердің заңдарына сәйкес арнайы ережелер мен келісімдер арқылы жұмыс істейді.

Шетелдік елдердің көші-қон заңнамасы. Шетелде оқитын қазақстандық студенттер сол елдің көші-қон ережелерін, визалық талаптарын және жұмыс құқықтарын сақтауы керек.

Мысалы, АҚШ-та F-1 студенттік визасы, ЕО елдерінде Erasmus+ визасы, Канадада Study Permit талаптары қолданылады.

Осы саладағы тиісті мекемелер Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Шетелде білім алу бағдарламаларының стандарттарын және тану тәртібін реттейді.

Халықаралық ұйымдар Erasmus+, Fulbright, FLEX сияқты бағдарламалар мен олардың келісім шарттарын бақылайды. Жергілікті заң органдары Әрбір елдің өз иммиграциялық, білім беру және еңбек заңдарына сәйкестік қамтамасыз етіледі.

Қорытындылай келе Қазақстанда және шетелде білім алу бағдарламаларын жүзеге асыру халықаралық және ұлттық заңнамалардың үйлесімділігіне негізделеді. Студенттер мен оқу орындары осы заңдарға сәйкес әрекет ету арқылы құқықтық мәселелерден аулақ бола алады деп ойлаймын.

### **Қолданылған әдебиеттер**

1. Маргинсон С. «Высшее образование и общее благо: Критическая теория интернационализации» - Рутледж, 2016, стр.420  
<https://tertiaryeducation.org/wp-content/uploads/2013/05/Russian-version-of-If-ranking-is-the-disease.pdf>
2. Иванова Е. «Международное образование как фактор развития личности и социального пространства» - Вестник Московского университета, 2019, стр.22-35
3. Stefanovich M. «Зачем студенты едут учиться за границу?», hotcourses.ru. – 29.05.2015г.  
<https://www.hotcourses.ru/study-abroad-info/choosing-a-university/why-students-go-studying-overseas/>

Дата получения информации: 24.04.2024г.

4. Саркыт Ә. «"Болашақтан" басқа қандай бағдарламалармен шетелде тегін жоғары білім алуға болады?», informburo. – 13.10.2021г.  
<https://informburo.kz/kaz/omir/bolasaqtan-basqa-qandai-bagdarlamalarmen-setelde-tegin-zogary-bilim-aluga-bolady>

Дата получения информации: 24.04.2024г.

5. Владимирова О. «Плюсы и минусы обучения за границей», ЗАОСНИК. – 20.02.2024г.

<https://zaoschnik.ru/blog/pljusy-i-minusy-obucheniya-za-granitsey/>

Дата получения информации: 24.04.2024г.

6. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (2007 жылғы 27 шілде №319-III):<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

7. Қазақстан Республикасының еңбек кодексі (2015 жылғы 23 қараша №414-V):<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414>

**УДК 343.25**

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАЗА ҚОЛДАНУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАҒА ӘСЕРІ**

**Қалыбаева Айару Әлібекқызы**

*aiaru250806@gmail.com*

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, заң факультеті 2 курс, «Құқықтану» мамандығының студенті,*

*Ғылыми жетекші – заң ғылымдарының докторы*

*Ибрагимов Жамаладен Ибрагимович*

Қазақстандағы жаза қолданудың құқықтық санаға әсері қоғамның заңдарға және құқық қорғау жүйесіне деген көзқарасын анықтайды. Егер жазаның түрлері әділ және заңға сәйкес болса, азаматтар заңды құрметтеп, құқықтық сана жоғары болады. Ал егер жаза тым қатал немесе әділетсіз болса, бұл адамдардың заңға деген сенімін төмендетуі мүмкін. Жаза қолдану жүйесінің әділдігі өте маңызды. Заң бұзушыларға қатысты әділ жаза қоғамдағы тәртіпті сақтауға көмектеседі. Бірақ егер жазалар тым қатал болса, адамдардың құқық қорғау жүйесіне деген сенімі төмендейді. Сонымен қатар, қоғамдағы құқықтық санаға әсер ететін тағы бір фактор – бұл құқықтық білім. Құқықтық сауаттылықты арттыру арқылы адамдар өз құқықтарын біледі және заңдарды құрметтейді. Сондықтан, құқық қорғау органдары мен мемлекет осы салада жұмыстарын үнемі жетілдіріп отыруы керек. Аталған мақалада өлім жазасының Қазақстан Республикасына тікелей қоғамға әсері, мемлекет басшылардың және әлемдік құжаттардың өлім жазасына көзқарасты өзгерту мәселелері зерттеледі. Қазақ хандығынан бастап қазіргі уақытқа дейінгі өлім жазасының тарихы баяндалады. Сонымен қатар мақалада статистикалық зерттеулер көрсетіледі. Өлім жазасының алмастыру мәселелері, қоғамның өлім жазасына көзқарасы баяндалады.

Қазақстан Республикасында 2004 жылдан бері өлім жазасына мораторий қолданылды. Өлім жазасына балама ретінде өмір бойына бас бостандығынан айыру туралы үкімдер болды. Алайда, 2021 жылдың соңында Қазақстан өлім жазасын біржола жойды. Бұл ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өлім жазасын жою мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" заңда жазылған[1,1].